

МРНТИ 16.21.61

Н.Әміржанова

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының кандидаты,
Алматы, Қазақстан

АКАДЕМИК І.КЕҢЕСБАЕВ: ЖАЗУ МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация: І.Кеңесбаевтың әліпби мен орфография мәселелеріне байланысты ұстанған өзіндік принциптері бар. Олар: жазу ережелерінің жатықтығы, оқушы қауымға түсініктілігі, халық сауатын тез көтеруге, қазақ әдеби тілінің даму заңдылықтарына бейім келуі. Ғалым әліпби құрастыру мен орфография ережелерін түзуге күнделікті дамып келе жатқан өмір талабының тұрғысынан қарады. Сол бағытта жұмыс жасап, қазақ әдеби тілінің дамуына үлес қосты. Мақалада академик І.Кеңесбаевтың қазақ тіл біліміне қосқан үлесі жайында айтылған. Сондай-ақ жазу мәдениеті, әліпби құрастыру мен орфография мәселелеріне қосқан еңбегі сөз болады.

Тірек сөздер: орфография, жазу мәдениеті, орфоэпия

Н.Амиржанова

научный сотрудник Института языкознания
им.А.Байтұрсынова, кандидат филологических наук,
Алматы, Казахстан

АКАДЕМИК И.КЕҢЕСБАЕВ: ПУТИ РАЗВИТИЯ КУЛЬТУРЫ ПИСЬМА

Аннотация: У И.Кенесбаева есть свои принципы, связанные с вопросами алфавита и орфографии. Это: сложность правил написания, понятность обучающимся, способность к быстрому повышению грамотности населения, склонность к закономерностям развития казахского литературного языка. Ученый подходил к составлению алфавита и формированию правил орфографии с точки зрения повседневно развивающихся жизненных требований. Ученый работал в этом направлении и внес вклад в развитие казахского литературного языка. В статье говорится о вкладе академика И.Кенесбаева в казахское языкознание, также будут отмечены его заслуги в вопросах культуры письма, составления алфавита и орфографии.

Ключевые слова: орфография, культура письма, орфоэпия

N.Amirzhanova

Researcher at the Department of Language Culture of the Institute of Linguistics
Named after A. Baitursynova, candidate of philological sciences,
Almaty, Kazakhstan

ACADEMICIAN I.KENESBAYEV: WAYS OF DEVELOPMENT OF CULTURE OF WRITING

Abstract: The article describes the contribution of academician I. Kenesbaev into Kazakh linguistics. Culture of writing, alphabet compilation and problems of orthography are discussed. The article describes the contribution of academician I. Kenesbaev to Kazakh linguistics. Written culture, alphabet writing and spelling problems are discussed. I. Kenesbaev has his own principles, adhering to the questions of the alphabet and spelling. These are: the smoothness of the rules of writing, the comprehensibility of the learning community, the tendency to rapidly increase the literacy of the population, the laws of the development of the Kazakh literary language. The scientist considered the alphabet from the point of view of the everyday life of the developing life requirements for the compilation and drafting of spelling rules. He worked in this direction, making a contribution to the development of the Kazakh literary language. The article talks about the contribution of academician I. Kenesbaev to the education of the Kazakh language. We are also talking about the culture of writing, the formation of the alphabet and spelling.

Keywords: orthography, culture of writing, orthoepy

Жазба тілдің графикасы мен орфографиясы, орфоэпиясы сияқты тіл білімінің жеке зерттеу нысандары үнемі қоғамдық назарда болып, тіл саясатымен, қоғам мәдениетімен ұшпастырыла талқыланып, таласты мәселелер айтылып жататыны бәрімізге белгілі. Олай болатын себебі қоғамның тіл сауаттылығы, тілдің орфографиялық, орфоэпиялық нормаларын сақтап жазуы не сөйлеуі жалпы ұлт тілінің даму деңгейін, мемлекеттік тілдің мәртебесін айшықтап көрсететін көрсеткіш ретінде танылады.

Қазақ тіл білімінде орфография мәселелері негізінен XX ғасырдың 10-20 жылдарынан бастап сөз бола бастады. Әліпби, емле, оны реформалауға байланысты пікірталас, қазақ оқымыстылары пікірлері алғашқыда «Дала уәлаяты», «Айқап», «Қазақ» газеттерінен көрініс тапса, 1920 жылдан бастап «Еңбекші қазақ», «Жаршы», «Жаңа мектеп» газеттер төңірегіне ұйысып отырған-ды. Ал 30-жылдардан кейін «Социалды Қазақстан» газетінде, «Халық мұғалімі» журналында қазақ емлесінің жеке мәселелеріне және принциптеріне байланысты әртүрлі мақалалар жарияланды.

Қазан төңкерісінен кейін елімізде мәдени революция дәуірі басталды. Бұл ғасырлар бойы негізгі көпшілігі қараңғылықта болып келген халықты сауаттандыру, білімдендіру ұранымен басталды. Ал осы дәуірде бұрын негізі жоқ оқу-ағарту мәселесінде практикалық мұқтаждықтан келіп туған көп мәселелер алға тартылды. Бір қалыпқа түспей жүрген әліпби мен орфография қиыншылықтарын ескерсек, сол кездегі интеллигенцияға, ағарту майданындағы қайраткерлерге қаншалықты ауыр жүк, жауапты міндет артылғанын түсіну қиын емес.

Айта кетерлік жайт, қазақ халқының Қазан төңкерісіне дейін жаппай бірыңғай талап бойынша қолданған орфографиясы тұрақты болмады. Қазақ орфографиясының іргетасын XX ғасырдың 10-ншы жылдары А.Байтұрсынов қалағанды. А.Байтұрсынұлының қолға алуымен ескі қазақ жазба тілі халық тілі негізінде реформаланып, XX ғасырдың басында төте жазу дүниеге келді. Бұлай болатын себебі ескі жазба тіл жаппай сауаттандыруды, ағартуды жедел атқаруға жарамды болмады, жазудың бұл түрін игеруге бірнеше жылдар (кем дегенде үш-төрт жыл) қажет болды. Ал А.Байтұрсынұлының төте жазуы қалың жұртшылық қысқа мерзімде (үш-төрт айда) игеріп алатындай тиімділік деңгейі жоғары болды. Өз уақытында А.Байтұрсыновтың реформалаған жазу жүйесі бүкіл түркі жұртына белгілі болып, қазақтың ұлттық жазуы деген ат беріледі. Бірақ күштеу саясаты жүргізіліп, жазудың мүмкіндіктері бұрмаланып, латын графикасына негізделген қазақ жазуының дүниеге келуіне барлық мүмкіндіктер қарастырылады. Осы кезде әліпби мен емлеге қатысты айтыс-тартыс, пікірталастар жүргізіледі. 1920 жылдардан басталған тартыс, яғни араб жазуын қолданыстан мүлдем шығарып, латын әліпбиін қабылдау алдындағы қазақ зиялылары арасында түрлі бағыттағы пікірталастар орын алып, латыншылдар және

арабшылдар немесе қазақшылдар деген екі топқа бөлінді. Коммунистік империялық саясаттың нәтижесінде «ұлттық жазу» ретінде танылған А.Байтұрсынұлы реформалаған жазудың ғұмыры қысқарып, латын жазуына негізделген қазақ жазуының қабылдануына барлық жағдай жасалады. Латын жазуына көшуге, әсіресе, Қазақстанда қарсылық қатты болғанын тарихи деректерден көруге болады. Бір топ ғалымдар қазақ тілі үшін Байтұрсынов әліпбиінің жарамдылығын жақтап сөйлесе, екіншілері кереғар пікір айтып, қарсылықтарын сездірді. Байтұрсынұлының әліпбиін жақтаушыларға «байшыл», «буржуазияшыл, ұлтшыл», «алашордашыл», «діншіл» деген айыптау көп болды. Баспасөз беттерінде халықтың көзқарасын адастыру мақсатында бірнеше мақалалар жарыққа шығып тұрды. Бірақ А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялылары мұның түпкі астарында қандай саяси-идеологиялық мақсат көзделгенін жақсы білетін. Олар латын графикасына негізделген жазуды алу, уақытша көзбояушылық шара екендігін, жазуды түптің түбінде орыстандырудың кілті болған орыс әліпбиіне түсіретінін түсінді. Сондықтан олар жазу реформасына түбегейлі қарсылық білдірді. Бірақ әртүрлі тілдік дәйектемелерге қарамастан латын графикасына негізделген қазақ жазуына көшіру қолға алынады. Сондықтан 1926 жылы (26 ақпаннан 6 наурыз аралығында өткен) Баку қаласында Бүкілодақтық Бірінші Түркологиялық съезд ұйымдастырылып, түркі халықтарының жазуы, орфографияның негізгі принциптері, сонымен қатар түркі халықтарының этнографиясы, тарихы, терминологиясы туралы көптеген мәселелер қозғалады [1]. Солардың ішінде ең үлкен де талас-тартысы көбірек болған мәселе түркі халықтарының барлығының тегіс латын әліпбиіне көшуі жөнінде. Съезге қатысушылар екіге бөлініп, бірі – бұрыннан пайдаланып келген әрі нақтылы ұлт тіліне лайықталып, реформаланған, ресми қабылданған араб графикасын латыншаға ауыстырудың саяси-идеологиялық, экономикалық, методикалық артықшылығы бар және сан ғасырлық жазба дәстүрден қол ұзу қаупін тудырады дегенді айтса, екінші тобы – араб жазуы түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне сай келмейді, латын әліпбиі түркі тілдерін еуропа мәдениетіне жақындастыра түседі дегендей дәлелдер айтылады [2]. Съезд қарары латын әліпбиіне көшуде шешуші қызмет атқарды. Сонымен, он шақты жылға созылған баспасөздегі әріп айтысында А.Байтұрсыновтың пікірін әріптестері М.Дулатов, Е.Омаров, А.Байтасұлы, І.Ахметұлы т.б. жақтап сөйлесе, Н.Төрехұлов, Т.Шонанұлы, О.Жандосов тәрізді ғалымдар латын қарпі – «күншығыстағы мәдени революция», «социализм әліпбиі», «европалық мәдениетке жетудің бір жолы» деген пікірлер айтады. Сондықтан Қазақстан Өлкелік Комитетінің қаулысымен Қазақстан Орталық Комитетінің жанынан жаңа латын әліпбиінің Орталық комитеті құрылып, жаңа әліпбиге көшу туралы және оны халыққа түсіндіру және жүргізу жолдары қарастырылады. Сөйтіп, Орталық Атқару Комитетінің «Қазақ жаңа емлесі туралы декреті» 1929 жылдың 25 шілде айында жария болады. Қабылданған әріптердің тоғыз дауысты дыбыс таңбасы да, жиырмасы – дауыссыз дыбыстар таңбалары. Қазақ тілінің төл сөздеріне 12 баптан, ал кірме сөздерге 20 баптан тұратын емле ережесі бекітіледі. Ресми бекітілген емле кодексінде әріптің бас әріп нұсқасы алынбауына байланысты, сонымен қатар жеке сөздердің таңбалауына байланысты арнайы ереже болмағандықтан емледе бірнеше қиындықтар болды [3]. Сондықтан 1932 жылдан бастап емлені қайта қарау жұмыстары жүргізілді. Емледегі негізгі қайшылықтар мен қиындықтар баспасөз беттерінде үздіксіз жарияланып отырды. Осы мәселеге байланысты 1935 жылы 20-25 мамыр айында Мәдениет қайрапкерлерінің съезі өтеді. Бұл съезде қазақ тілінің орфографиясы, терминологиясы және тағы басқа мәселелер талқыланады. Аталған съезде І.Кеңесбаев баяндама жасап, қазақ орфографиясының кейбір қиындықтарына тоқталып, өз жобасын ұсынады. Сонымен қатар аталған съезге Қ.Жұбанов, М.Балақаев сынды қазақ білімпаздары қатысқанын айтқымыз келеді. Аты аталған лингвист ғалымдардың пікірінше, тұңғыш емле ережелерінің кемшіліктері

бірнешеу: Біріншіден, қазақ алфавитінде қабылданған *f* [ф], *x* [х], *v* [в] әріптерінің болмауы шеттілдік, әсіресе интерсөздерді дұрыс жазып, дұрыс оқуға мүмкіндік бермеді. Екіншіден, толық дауысты *у*, *и* дыбыстарының жеке таңбасы жоқ болғандығы, олардың *ұу*, *үү*, *ый*, *ій* түрінде жазылуы; Үшіншіден, шет тілінен енген сөздердің жазылуында қарама-қайшылықтардың орын алуы; Төртіншіден, сөздің 2,3-буындарында еріндік *о*, *ө*, *ұ*, *ү* әріптері жазылмауы; Бесіншіден, сөз аяғында *о*, *ө* әріптері жазылмауы; Алтыншыдан, сөз соңында ұяң ***b, d, g*** (***б, д, г***) әріптері жазылмауы. Осы тәріздес ұсынылған ұсыныстар негізінде 1938 жылы қазақ тілінің әліпбиі мен емлесіне бірнеше толықтырулар енгізіледі. 1938 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақ әліппесі мен орфографиясын біраз өзгерту туралы» қаулысы жарыққа шығады. Қаулы мынадай тармақтардан тұрды: а) Емленің негізгі принциптері; ә) әліппе және дыбыс жіктері; б) дауысты, дауыссыз дыбыстардың бір-бірімен алмасып естілгендегі жазылуы; в) қысаң езулік дауысты *ы*, *і*-лердің жазылуы; г) *и*, *у* әріптердің жазылуы; д) орыс тілінде бар, қазақ тілінде жоқ дыбыстардың жазылуы; ж) сызықшамен жазылатын қос сөздердің түрлері; з) кейбір жалғаулықтардың жазылуы; л) бас әріптің емлесі [4]. Кірме сөздерді түпнұсқаға жақындатып таңбалау үшін *в*, *ф*, *х* әріптері алынып, 1929-38 жылдар аралығында қолданылған кейбір ережелер бұзылып, жаңадан ереже шығарылады. Осыдан кейін орыс тілінен енген сөздер және интернационалдық сөздер түпнұсқаға жақындатып жазыла бастайды. Яғни жалғыз фонетикалық принциппен ғана шектелмей, морфологиялық-фонетикалық принцип қатар ұстану керектігі айтылады. Осындай емле заңдылықтары түзетіліп, қайта реформаланып жатса да, қазақ жазуын қайтадан реформалау мәселесі қозғала береді. Мұның себебі қазақ халқының жазуын орыс графикасына негізделген әліпби жүйесіне көшіру еді. Бұл ХІХ ғасырда патша үкіметінің миссионерлік саясатының көрінісі болатын. Орыс патшалығы миссионерлерлік идеяларын жүзеге асыру үшін ең бірінші олар халықтың санасын баспасөз арқылы жаулауды көздеп, діни кітаптарды қазақ тіліне аударып, бұқара халық арасына кең таратуды күн тәртібіне қойғаны белгілі. Олар осы саясатты ары қарай іске асыру үшін араб және латын графикасына негізделген қазақ жазуының негізін қалаған Қ.Жұбанов, Т.Шонанұлы, Қ.Кемеңгерұлы сияқты қазақ зиялыларын «халық жауы» деп жариялайды. Бұл Кеңестер Одағындағы халықтардың жазуын ортақ бір негізде құрып, Түркия мемлекетімен Кеңестер Одағындағы түркі тілдес халықтарды араластырмау саясатынан шыққан болатын. Сөйтіп осындай саяси себептерге байланысты 1940 жылы қазақ халқы жаңа әліпбиге көшіріледі. Жаңа әліпби Қазақ ССР советінің V сессиясында бекітіледі.

Қазақ жазуының орыс графикасына негізделген түріне көшірілуіне байланысты жазудың жаңа түрін халыққа таныстыру және оны насихаттау жұмыстары қолға алынады. Осы кезде үкімет орыс графикасына негізделген қазақ жазуының өміршеңдігін бақылап отыратын арнайы комиссия тағайындайды. Комиссия құрамына І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев сынды лингвист-ғалымдар енеді. Орыс графикасына негізделген қазақ жазуының бұқара халыққа тез тарап, оның дұрыс қолданылу үшін орфографиялық сөздіктің қажеттілігі сезіледі. Сондықтан заңды түрде бекітілген әліпбидің соңғы жаңалықтарын ескере отырып, қазақ ғалымдары бас қосып, орфографиялық сөздікті құру жолдарын ойластырады. Бір жылдың ішінде, яғни 1941 жылы қазақ тілінің тұңғыш орфографиялық сөздігі жарыққа шығады. Сөздікті І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, С.Баишев, Г.Бұзырбаев, Н.Сауранбаев сынды қазақ ғалымдары құрастырады. Бұл сөздік өз уақытында көпке көмек құралдардың біріне айналды.

Соғыс аяқталар тұста бұл жазу да дағдылы құбылысқа айналып, халық жаңа әліпбимен жазып, жаңа жазулы басылымдарды біршама еркін игеріп кетеді. Дегенмен о баста, жаңа графика қабылданып, оның алғашқы емле ережелері түзілген кезден бері қолданыста қиындық келтіріп келе жатқан, ала-құлалыққа жол беріп отырған емле ережелерін айқын-

дап, түзетулер енгізу керектігі байқала бастайды. Бұл әсіресе 40-жылдың ортасына таман айқын сезіледі. Себебі соғыс жылдарында әкелері мен ағаларының орнына тылдағы еңбекке аттанған жасөспірімдер алтын ұя мектепке қайта оралып, осыған байланысты оқу, сауаттану жұмыстары қайта қолға алынуына байланысты оқу бағдарламалары мен оқулықтарға қойылатын талап үстемеленіп, күшейе түскен болатын. Міне, осы кезде орыс графикасына негізделген жаңа жазуға байланысты қабылданған орфографиялық ережелердің кемшілігі көзге түсіп, анық аңғарыла бастайды. Шындығында да, бұл кезде жазу практикасында ала-құлалықтар барынша көбейіп, тіпті баспасөз орындары мен баспаларда бір сөзді бірнеше нұсқада жазу етек жайып кеткен болатын. Орфографиялық ережелерге зәрулік белең алып, қалың жұртшылық орфографияны жетілдіруді талап етеді. Емледегі қайшылықтар туралы әртүрлі мақалалар жарияланады. Олар негізінен и, у дыбыстарының қосарланып жазылуына, біріккен сөздердің емлесіне қатысты. Осындай келеңсіз жағдайларға байланысты Қазақстан Коммунистік большевиктер партиясының Орталық Комитеті «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы» қаулы қабылдайды. Қаулыда қазақ тілін зерттеу, талдау мәселелерінде де көп қателердің, кемшіліктердің бар екені айтылады. Сондықтан І.Кеңесбаев, М.Балақаев, С.Аманжолов сынды Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының қызметкерлері емлені жетілдіру мәселесін қалың жұртшылықпен бірге шешуді жөн санайды.

1952 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының қызметкерлері, сонымен бірге І.Кеңесбаев қазақ әліпбиі мен орфография ережелерінің жобасын жасап тәмамдайды. Аталмыш жоба көпшіліктің талқылануына 1953 жылы ұсынылып, «Қазақстан мұғалімі» журналының ақпан айындағы нөміріне жарияланады. Жоба жария болысымен әртүрлі мамандықтағы қызметкерлер, студенттер және ғалымдар қазақ орфографиясы жөнінде өз ойларын ортаға салады. Мақалаларда негізінен жеке сөздердің жазылуына және қазақ орфографиясының принципіне байланысты болды. Мысалы, ы, і әріптерінің әр позициядағы қолданысы (топрақ/топырақ,рас/ырас, ру/ұру, сиыр/сый-ыр, жинау/жыйнау, силау/сыйлау т. т.); ә әрпінің екінші, үшінші буындарда жазылуы (Жәмила/Жәмила, Күлаш/Күләш, күман/күмән т. т.), сөздердің бірге, бөлек жазылуы, орыс тілі арқылы енген сөздерге қазақ тілінің қосымшаларын жалғау заңдылықтары туралы мақалалар баспасөз беттерінде үзілмей жарияланып отырды.

Сонымен, Тіл және әдебиет институты ұсынған жобаны ғылыми қызметкерлер, оқытушылар, журналистер, студенттер алты ай бойы талқылап, басым көпшілігі ұсынылған жобаны мақұлдады. Содан кейін институт қызметкерлері қалың көпшіліктің пікірін ескеріп, жобаны тағы да өңдеп, үкімет комиссиясының қарауына тапсырады. Үкімет комиссиясы бірнеше рет мәжілістер өткізіп, қойылған мәселелердің егжей-тегжейіне көз жіберіп, ақырында жобаның соңғы өңделген нұсқасын ресми түрде бекітуді жөн санайды. Ұзақ пікірсайыстан кейін 1957 жылы қазақ тілінің орфографиялық ережелерінің жаңа редакциясы қабылданады. Бұл ережелер кодексі Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Указымен 1957ж. 5 маусымда бекітіледі.

1957 жылы І.Кеңесбаев, М.Балақаев, А.Б.Ісқақовтың «Алфавит пен орфографияны жетілдіре берейік» деп аталатын мақаласы жарияланады. Бұл мақалада 1940 жылғы қабылданған жаңа әліпбидің құрамы сөз болады. Бекітілген әліпбиде (1940 жылғы әліпбиде) орыс әріптері және қазақ тілінің төл әріптері деп екіге бөлініп, орыс алфавитінің әріптері өз алфавиттік тәртібі, бойынша сақталып, қазақ тілінің төл таңбалары бөлек орналастырылған болатын. Осыған байланысты І.Кеңесбаев былай дейді: «1940 жылы қабылданған жаңа алфавиттің құрамы дұрыс болғанмен, ондағы әріптердің тізілу тәртібі дұрыс сақталған да, қазақ тілінің ерекше дыбыстарының таңбасы болған әріптер оған қо-

сақтала салынған». І.Кенесбаев белгілі бір халықтың әліпбиін «мынау орыстікі, мынау қазақтікі» деп бөлуге болмайды деп оны өзгерту керектігін айтқан. Шындығында да, әліпби қабылдау мәселесі бір ай уақыт төңірегінде шешілгендіктен, халықтың біртұтас әліпбиі екіге бөлініп, іс жүзінде оны үйрету де, әліпби тәртібін пайдалану да қиынға соқты. Сондықтан 1957 жылғы емле кодексінің бір жетістігі осында болды. Онда қазақ әліпбиінің берілу тәртіп ретін түзетті.

1957 жылы емле ережелеріне бірнеше жаңа баптар қосылып ұсынылған редакциясын дайындау барысында көбірек көңіл аударылған тұстары болды. Ол әсіресе сөздердің бірге немесе бөлек таңбалануына байланысты. Яғни екі компонентті сөз тіркестерін қосып, не бөлек жазу проблемасы пікірталасқа түсті. Осы ретте қазақ тіліндегі фразеологизмдер мен идиомаларды терең зерттеп жүрген І.Кенесбаев емле қағидаларын реттеуде үлкен рөл атқарды. Ғалым екі компоненттен құрылған фразеологизмдерді тіркес ретінде бір-бірінен бөлек жазылуы керек деген теориялық танымын емле ережесіне енгізуге күш салды. Ал жазу тәжірибесінде ержүрек, ақкөңіл тәрізді сөздер бірге жазылды. Бұл жағынан теория мен практика ұштаспай жағты. Көптеген жазбаларда, әсіресе баспасөз беттерінде ержүрек, ақкөңіл сияқты сөздер бірде бірге, енді бірде бөлек жазылған ала-құлалық орын алды.

Жалпы осы кезеңдегі қазақ әліпбиіне және орфографиясына қатысты табыстарды, кемшіліктерді І.Кенесбаев өзінің «Алфавит пен емле ережелерінің кейбір өзгерістері туралы», «Өңделген қазақ жазуы», «Сауатты жазу – мәдениеттіліктің белгісі» тәрізді мақалаларында жариялап отырды.

І.Кенесбаев орыс тілінен енген сөздерді өзгертпей, түпнұсқасы бойынша жазу керек деп есептеген. Себебі жазу тәжірибесінде 30-жылдары сөзді естілуінше жазу керек деген принцип басым болғандықтан, баспасөз беттерінде орыс тілінен енген сөздің бірнеше нұсқада жазылғандығын практикадан жақсы таныс еді*. Ғылым, қоғам дамуына байланысты түрлі салада терминдік атаулар, варваризмдер, жаңа мағына беретін сөздер етене еніп жатқан сәтте сөзді естілуінше емес, түпнұсқасы бойынша таңбалау дұрыс деді ғалым.

І.Кенесбаев сөзді жазуда экономия заңдылығы аса қажет деген-ді. Ол сөздің мағынасы зиянын келтірмесе ы, і дыбыстарын таңбаламауға болады, ал сөздің мағынасы өзгеретін тұста ы, і дыбыстарын таңбалау шарт деп көрсеткен болатын. Ғалымның бұл тұжырымдамалары қазіргі кезде өз құндылығын жойған жоқ.

Үкімет тарапынан 1957 жылғы емле өзгерістері бойынша үлкен орфографиялық сөздікті жасау тапсырылады. Сауаты артып, мәдениеті өскен қазақ оқушысының мұқтажын қанағаттандыру үшін және ұлттық тіл ғылымының соңғы жетістіктерін ескере отырып, (1963 жылы) І.Кенесбаев, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев сынды ғалымдар қалың көпшілікке «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігін» әзірлейді. Сөздіктің кейбір әріптерін жасауға және оның баспаға әзірленуіне, шығуына Ш.Бектұров, Е.Бектұрғанов, С.Омарбеков қатысты.

Сөздікті құрастырушылар Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы 1957 жылдың 15

*30-жылдары емленің негізгі принципі фонетикалық болғандықтан, кірме сөздерді әркім өзінше естіп, өзінше таңбалады. Сондықтан мерзімді басылымдарда кірме сөздер екі-үш, кейде одан да көп нұсқада жазылды. Мысалы, Содан кейін Қарт паперосын алып, демін соны мен алдырғандай болып (С. Камалұлы, 5-б.). Қаһарман парьгос тартыр отырды/ Қаһарман парыйрос тартып отырды (С.Камалұлы, 7-б.). Съвольс “кәлбйіт” қазақ менің парьгосымды сен urlады деп, серде қатқан мұлтақ қайы мен Qаһармандь салыр өтті //Сыболыш «кәлбйіт» қазақ менің папыросымды сен ұрлалдың деп, жерде жатқан мұлтқак қайың мен Қаһарманды салып өтті (С.Камалұлы, 7-б.).Текдынамыйт дырис еткен сырт ұырғь сырадаі асылды // Тек дыйнамаййт дүріс еткен шырт ұйқы шырадай ашылды (С.Камалұлы, 9-б.). Dijnәmittь Qаһарманның qасьна qojады// Дыйнамытты Қаһарманның қасына қойады (С.Камалұлы, 10-б.). Ыја Duvнајыр мына sizderge алып келе қатқан қарғь, кәпbertті алмақ вольт ајқасқан ватыр деп кәпbertті nасалникке верді // Ыја Dунаеп мына sizderge алып келе жатқан қаржы, кәпbertті алмақ болыпайқасқан батыр деп кәпbertті нашалникке берді(С.Камалұлы 7-б.). Uјat volqan eken! – деп necalnik бәдік вольт алақтады// Ұйат болған екен! - деп нешалник бәдік болып алақтады(С.Камалұлы, 18-б.). Бұл сөйлемнен папирос сөзі 3 (raregosь/ парьгос/ парьгос) түрлі нұсқада қолданылғанын, ал динамит (дынамыт/ дйнәмит), начальник (nascalnik/necalnik)сөздері 2 нұсқада қолданылғанын көруге болады.

маусымында бекіткен «Қазақ орфографиясының негізгі Ережелерін» басшылыққа алды. Қабылданған ережеде «Ғылымның әр алуын саласындағы терминдік мәнге ие болып қалыптасқан атаулар және басқа сөздер де бастапқы тұлғасы сақталып, дағды бойынша бірге жазылады» деліне тұрса да, баспасөз беттерінде бұл ескерілмей, бірде бөлек, бірде бірге таңбаланды. Сөздік жазу практикасында осы бір елеулі кемшілік түзетілді. Яғни терминдік атауларды бірге жазу дәстүрін мүмкіндігінше берік ұстануды мақсат етті, сөйтіп бұрын бөлек жазылып келген шетел, тасбақа, Аққұм тәрізді сөздер бірыңғай бірге жазылады деп шешілді. Сондай-ақ сөздікте бұрын абырой (аброй), риза (ырза, разы), саргідір (сарыгідір), әжім (ажым), ажуа (әжуа) т.б. осылай екі ұдай жазылып келген сан алуан сөздердің жазылуы бірізге түсіріліп, жазу тәжірибесінде емлелік норманы қажет ететін ұлт, халық, жер, су, кісі аттарының да үлгілік нұсқа тізімі берілді. Сөздіктің тағы бір жаңалығы – орыс тілінен енген сөздердің жазылуы. Бұл арада ғалымдар мәселенің екі жағын да ескерген. Атап айтқанда, революциядан бұрын енген сөздер алғашқы кезде естілуі қалпында алынып, солай жазуды ұсынды. Мысалы, керует, кэмпит, газет, т.б. сөздер.

Сөздік қалың көпшілікке арналғандықтан, оның ішінде қазақ тілі лексикасының алуан түрлі саласына жататын сөздер енгізіледі. Сөздіктен күнделікті қолданыстағы сөздермен қатар кәсіби сөздер, термин сөздер, сирек кездесетін тарихи сөздерді кездестіруге болады. Алғаш рет осы сөздікте жақша ішінде ол сөздің ғылым мен техниканың қай саласында қолданылатындығы көрсетілді. Бұл дәстүр қазіргі кезге дейін сақталып келеді. Сөздікті жасауда авторлар түрлі сөздіктерді (түсіндірме, емле, терминология сөздіктері) кеңінен пайдаланды. Бірақ алдында шыққан орфографиялық сөздіктер мен І.Кеңесбаев және Ғ.Мұсабаев құрастырумен жасалған бұл сөздіктің арасында айырмашылық көп болды. Сөздік қазақ тілінің жазу мәдениетін жақсартуға себепші болды. Ал қалың көпшілік оны жетістігі мол, теориялық және практикалық негізде шешілген сөздік деп бағалады.

1963 жылғы «Орфографиялық сөздік» қазақ тілін пайдаланушы жұртшылықтың қерегіне жараған негізгі құрал болумен қатар, бірқатар қате-кемшіліктердің бар екендігі байқалды. Сондықтан Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институты бұл сөздікті толықтырып, байқалған кемшіліктерін түзетіп, екінші рет қайта шығаруды ұйғарады. 15 жылдан кейін қолға алынған сөздікті құрастырушылардың бірі – І.Кеңесбаев және Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының қызметкерлері А.Әбдірахманов, Г.Жәркешова, Б.Қалиев, А.Қалыбаева, Т.Қордабаев, Ғ.Мұсабаев, Қ.Неталиева сынды лингвист-ғалымдар болды. Аты аталған ғалымдар қазақ тілінің емле сөздігіне мынадай өзгертулер енгізеді. Ол мына түрдегі өзгертулер: біріншіден, сөздік құрам едәуір толықтырылды. Екіншіден, вариант сөздердің әдеби нормаға бейімдерін таңдап алу жағы ескерілді. Яғни әдеби ретінде танылған сөздердің қатарына әдеби емес нұсқасы көрсетіліп отырды, мысалы, зәрлі (зәһәрлі емес). Сонымен қатар әдеби тілде жарыса қолданылып жүрген бірқатар сөздердің жанынан ж. (және) деген белгі қойып, екіншісін де әдеби норма есебінде қолдануға болады деп көрсетілді. Мысалы, мұндай ж. бұндай, мұнда ж. бұнда т.б. Үшіншіден, бірқатар сөздер мен сөз тіркестері емле қағидаларына сәйкестендіріліп, реестрден ұяға, ұядан реестрге ауыстырылды: мысалы, күнкөріс, ақсүйек (ойын) беташар, біртұтас, нақсүйер, таусағыз (өс.) т.б. Төртіншіден, кейбір сөздердің жазылу үлгісі түзетілді: мысалы, 1963 ж. сөздікте ұжтан сөзі ұждан болып жазылған. Ғалымдар тілдік фактілерді негізге ала отырып, ұждан деп жазуды ұсынады. Бесіншіден, біріккен сөздердің емлесі бір арнаға түсірілді. Бұл арада емле ережелеріндегі мына талап ескерілді: «Екі сөзден құралған тіркестер осы тіркес күйіндегі білдіретін мағынасына ұқсамайтын басқа бір заттың, ұғымның атаушы болып келетін болса, бір сөз ретінде біріктіріліп жазылады». Сонымен қатар халықаралық, жаратылыстану, баспасөз, бесжылдық деген сияқты бұрыннан бірге жазылып жүрген сөздердің үлгісімен осы типтес сөздер біріктіріліп жазылды:

ауданаралық, әдебиеттану, қоғамтану, абайтану, топырақтану, онжылдық, онкүндік т.б. Алтыншыдан, орыс тілінен енген қарапайым сөздер мен халықаралық терминдерге қазақ тілі қосымшаларының жалғану ерекшеліктері мүмкіндігінше толық көрсетілді. Орфографиялық сөздікті жасау – ұлттық жазба мәдениетіміздің үлкен табысы ретінде саналды. Жалпы-халықтық жазу ережесін, жұрттың бәріне бірдей ортақ үлгіні заң ретінде ұсынуға негіз болды.

Қорыта айтқанда, І.Кенесбаев әліпби мен орфография мәселелеріне байланысты ұстанған өзіндік принциптері бар екендігін байқауға болады. Олар: жазу ережелерінің жаттықтығы, оқушы қауымға түсініктілігі, халық сауатын тез көтеруге, қазақ әдеби тілінің даму заңдылықтарына бейім келуі. Ғалым әліпби құрастыру мен орфография ережелерін түзуге күнделікті дамып келе жатқан өмір талабының тұрғысынан қарады. Сол бағытта жұмыс жасап, қазақ әдеби тілінің дамуына үлес қосқан ғалым.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Всесоюзный тюркологический съезд. 26/II-5/III-1926. – Баку, 1926. 426 с.
- [2] Стенографический отчет третьего пленума всесоюзного центрального комитета нового тюркского алфавита заседавшего в Казани, от 18-23/XII-1928. – Казань, 1928. 228 с.
- [3] Стенографический отчет научно-орфографической комиссии созванной 2-4.06.1929 г. научно-методическим советом НКП и ЦКЖКА. – Кзылорда, 1930. – 482 с.
- [5] Басымов Қ. Түрлі түсті сөздердің жазылуы туралы // Халық мұғалімі. –1938.
- [6] Басымов Қ. Қос сөздер туралы // Ауыл мұғалімі. –1938. №6. наурыз. 56 б.